

**6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы  
ғылыми дәрежесін алу үшін Пошанов Максат Нурбаевичтің «Жүгерінің өнімділігіне  
биопрепараттарды қолдану мен топырақтардың тұздану деңгейлерінің әсері  
(Шәуілдір суармалы алқабы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық  
жұмысына ресми рецензенттің  
ПКІРІ**

<b>№ п/с</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Критерийлер сәйкестігі</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымы</b>
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>«Жүгерінің өнімділігіне биопрепараттарды қолдану мен топырақтардың тұздану деңгейлерінің әсері (Шәуілдір суармалы алқабы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы (ҚазҰАЗУ-де, 30.10.2019 жылы бекітілген) ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаға толығымен сәйкес.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы және онда қарастырылған сұрақтар ауылшаруашылығын тұрақты дамытуға, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p>
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі)	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу 2018-2020 жж., мемлекеттік тіркеу 0118PK01386, «Түркістан облысының суармалы тұзданған топырақтарының мәселелері және оларды топырак құнарлылығын және өнімділігін арттыратын инновациялық технологияны қолдану арқылы шешу» бағдарламасы аясында жүзеге асырылған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады және оның маңыздылығы жақсы ашылған.	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның дамуына зор үлес қосады және тақырыптың маңыздылығы өте зор. Жұмыста берілген ұсыныстар ауыл шаруашылығы жерлерін онтайтын пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері білім беру мекемелерінде студенттердің теориялық және тәжірибелік білімін терендетеуге септігін тигізеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары	<p>М.Н. Пошанов диссертациялық жұмысындатұзданған топыракта жүгеріден тұрақты өнім алуга мүмкіндік беретін агротәсіл ұсынған. БиоЭкоГум биопрепаратын қолдану ауыл шаруашылығы дақылдарының экстремалды жағдайларға (тұздануға) биоэнергетикасы мен экологиялық тұрақтылығын арттырады.</p> <p>Алынған зерттеу нәтижелерін талдау мен корытуда, мақалаларды жариялауда өзінің дербес қалыптасқан ғылыми тұлға екендігін көрсеткен. Сондықтанда диссертациялық жұмысын өз бетінше жоғары деңгейде жазып шыққан.</p>

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген</p>	<p>Тұзданған топырақтарқазіргі заманғы өсімдіктер физиологиясы мен ауыл шаруашылығының өзекті мәселесі болып табылады. Мәдени өсімдіктерді өсіруге арналған тұзданған топырақтар біздің еліміздің көп бөлігін алғып жатыр. Топырақтың тұздануы жер өңдеуге қолайсыз жағдайлар тудырады. Осы аталған себептер тұзданған топырақтарда ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырудың механизімінің ерекшелігін зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.</p> <p>Тұзды топырақты игеру үшін дақылдарды таңдау, ең алдымен, белгілі бір топырақ - климаттық жағдайларда, олардың тұзды жерде өсімталдық биологиялық қабілеттермен, топырақтың белгілі бір түрлеріне қажеттілігі ерекшеліктерімен анықталады.</p> <p>Шәуілдір суармалы алқабында әртүрлі дәрежедегі тұзданған суармалы топырақтар жағдайында жүгеріні дәндік және жасыл массаға өсіру кезінде «БиоЭкоГум» отандық өндірістің жана биологиялық гуминді препаратын қолдану технологиясығының негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:</p> <p>1) айқындауды</p>	<p>Диссертация мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толығымен айқындауды</p>
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді</p> <p>1) сәйкес келеді</p>	<p>Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді жәнеғының тұжырымдалған.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен талабы логикалық өзара байланысты:</p> <p>1) толығымен өзара байланысты</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері кіріспе, әдеби шолу, тәжірибелік ұйымдастыру, зерттеу нысандары мен әдістері, зерттеу нәтижелері және оларды талқылау бойынша, құрылымы логикалық өзара байланысқан, бірін-бірі толықтырады. Зерттеу тақырыбын дәйекті түрде ашады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар</p>	<p>Докторантпен әзірленген ұсыныстар дәлелді, ғылыми негізделген, сонымен қатар сыны талдау негізінде белгілі шешімдермен бағаланған.</p> <p>Зерттеунәтижелері көрсеткендей, өсімдіктердің жасыл массасының қалыптасуына биотыңайтқыштарды қолдану жақсы әсер еткен. Тұзданбаған топырақтарда биотыңайтқыштар өсімдіктердің жасыл массасын 29,2 т/га немесе 61,6%-ға арттырган. Биопрепаратты құшті тұзданған топырақтарда өсімдіктер үшін қолайлы жағдай туғызып, сәйкесінше өсімдіктердің массасын, 13,5 т/га немесе 66,7%-ға арттырган.</p>
5.	Ғылыми	5.1 Ғылыми нәтижелер	Ғылыми нәтижелер мен қағидалар

	жаңашылдық принципі	мен қагидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа	толығымен жаңа болып табылады. Ғылыми зерттеулер төмөндеғідей нәтижелерге көл жеткізген: Түркістан облысының Шәуілдір суармалы алқабында 2018-2020 жж. жүргізілген зерттеулеріміздің нәтижелерінде әр түрлі тұздану фонында оның мөлшері тұзданбаған топырақтарда 2,76-дан жоғары тұздану дөрежесіндегі топырақтарда 2,36 ц/га-ға дейін өзгереді. Биотыңайтқышпен өңдеу кезінде 6-8 жапырактану фазасындағы құрғақ биомассаның өсуі сәйкесінше 0,16-0,36 ц / га артқан.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа	Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар жаңа болып табылады. Алғынан мәліметтерге сәйкес зерттелген факторлар жүгегі дәнінің өнімділігіне айтарлықтай әсер еткен. Тұқымдарды өңдеу және өсіп тұрған өсімдіктерді бүркү тұзданбаған топырақтарда жүгегі өнімділігін бақылау нұсқасымен салыстырғанда 110,2 ц/га, яғни 40,0 %-ға дейін жоғарылатты, өнімділік болса бақылау нұсқасында 77,1 ц/га қураған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесебасқару шешімдері жаңа және негізделген. Жүгегі өсірудегі экономикалық тиімділік қолданыстағы технологиямен салыстырғанда тұзданбаған топырақтарда 162,6 мың теңге/гадан күшті тұзаданған топырақтарда 29,4 мың теңге/га-ға дейін ауытқиды. Шығындардың өтемі ең жақсы технология нұсқаларын таңдау кезінде құрделі салымдардың салыстырмалы экономикалық тиімділігінің көрсеткіші ретінде де қолданылады. Биотыңайтқышты қолданумен байланысты өзін-өзі актау (теңге/теңге) мерзімдерін талдау нәтижесінде қолданыстағы технология бойынша өтелу мерзімі 1,16 теңгеден 1,83 теңгеге дейін, биотыңайтқышты қолдану бойынша 1,30 теңгеден 2,56 теңгеге дейін өзгергенін көрсетті. Бұл нәтижелер де отандық және шетелдік рецензияланатын ғылыми басылымдарда расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және ғылыми тәжірибелік тұрғыдан дәлелденген. Зерттелген жұмыс жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізілген, нақты ғылыми негіздемелер жасаған. Сондықтан зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы "мен тәжірибелік маңыздылығы зор".	
7.	Қорғауға	Әр қағидат бойынша	Корғауға ұсынылған зерттеу жұмысының

	шығарылған негізгі қағидаттар	келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденген 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жана ма? 1) Ия 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең ауқымда 7.5 Макалада дәлелденген бе? 1) Ия	нәтижелері жаңа болып табылады. 7.1 Нәтижелерді растайтын жарияланымдар бар. Топырактың түздану дәрежесіне байланысты технологияны қолданудан жүгері дәнінің өнімділігі 11,4-тен 40,0%-ға дейін өсті, бұл ретте топырактың түздану дәрежесіне байланысты технологияны қолданудан 1 гектардан таза табыс 162,6-дан 29,4 мың тенгеге дейін құрайды. 7.2 Тривиалды емес. Зерттеу объектілері шыныайы, мәліметтер толық. 7.3 Диссертация қағидаттарын қолдану асы өте кең. Зерттеу нәтижесінде алынған ұсыныстар мен қорытындыларды фермерлер мен мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары әдістемелік нұсқаулық ретінде пайдалана алады. 7.4 Жұмыста берілген ұсыныстар ауыл шаруашылығы жерлерін оңтайлы пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері білім беру мекемелерінде студенттердің теориялық және тәжірибелік білімін терендетуге септігін тигізеді. 7.5 Жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 10 мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде: 5 мақала ҚР БФМ-нің ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне енген 5 мақала Scopus базасында тіркелген журналдарында жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) Ия	Зерттеу әдістемелерін тандау негізделген және диссертацияның тиісті бөлімінде толық нақты сипаттамалар берілген. Диссертациялық жұмыста заманауи әдістер қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндіру және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) Ия	Осы диссертациялық жұмысты орындау кезінде келесі заманауи, сыналған эксперименттік және теориялық әдістер қолданылған: Фарыштық суреттер бойынша топырактың контурларын нақытуалу үшін GPS 18 “Garmin” «ASUS» нетбүгімен бірге қолданылды, ал кескіндердің координат нүктелерін анықтау үшін GPS “Garmin 62s” жаһандық позициялау жүйесі қолданылды. Топырактың түздану карталарын жасау үшін MapInfo professional бағдарламасын қолдана отырып, сандық карталарды құрудың компьютерлік әдісі қолданылды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылықтар эксперименттік зерттеулермен	Теориялық тұжырымдар мен анықталған занылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп және расталған. Тұқымдарды өндіру және өсіп тұрган өсімдіктерді бүркү түзданбаган топырактарда жүгері өнімділігін бақылау нұсқасымен салыстырғанда 110,2 ц/га, яғни 40,0 %-ға дейін

		<p>дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) Ия</p>	<p>жоғарылатты, өнімділік болса бақылау нұсқасында 77,1 ц/га құрады.</p> <p>«БиоЭкоГум» биопрепаратын колдану топырактың тұздануы стресс факторын төмендетті, ол жүгерінің дәнінің және жасыл массасының өнімділігінің артуында көрініс берді. Шешілдір суармалы алқабының тұзданған топырактары жағдайында БиоЭкоГум препаратын қолданғанда жүгерінің дәнінен тұрақты 53-110 ц/га, жасыл массасынан 33,8-76,5 т/га өнім алуға болатындығы дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</p>	<p>М.Н. Пошановтың пайдаланған дереккөздерге сілтемелері маңызды мәлімдемелерді толық растаған. Зерттеу жұмысының нәтижелері әдеби дереккөздерге сілтеме жасай отырып, ғылыми сипатқа ие.</p> <p>Алынғаннәтижелер индекстегетін халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған белгілі мәліметтермен салыстырмалы талданған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті</p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазы барысында докторант 170 әдебиет көздерін пайдаланған.</p> <p>Докторанттың зерттеу жұмысында әр бөлімі негізделіп қорытындылары өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерімен салыстырмалы талдаулар жүргізілген.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) Ия</p>	<p>Диссертацияның теориялық мәнін ашу мақсатында тұзданған топырактарда ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырудың механизмінің ерекшелігін зерттеудің нәтижесінде «БиоЭкоГум» биопрепаратын колдану өнгіштік көрсеткіштерінің жақсаруына ықпал етті, бұл есептік аландағы өсімдіктер санының артуымен айқындалды және одан әрі жүгерінің өнімділігіне әсер етті.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) Ия</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмыстары барысында анықталған топырактардың деградациялық жағдайлары туралы картографиялық мәліметтерді аудандық әкімшілік пен ауыл шаруашылық басқармасының мамандары ауылшаруашылығын жоспарлау және жобалау жұмыстарында, экологиялық реттеу және бақылау, жер ресурстарын басқару комитеттері пайдалана алады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) Ия</p>	<p>Алынған ғылыми тәжірибелік нәтижелер жаңа. Осылайша, диссертациялық зерттеудің нәтижелері айтартықтай практикалық жаңалықты одан әрі пайдаланудың керемет әлеуетін көрсетеді. Жүргізілген зерттеулер нәтижесісімдіктердің жасыл массасының қалыптасуына биотыңайтқыштарды қолдану жақсы әсер етті. Тұзданған топырактарда</p>

			<p>биотыңайтқыштар өсімдіктердің жасыл массасын арттыруды. Биопрепаратты күшті тұзданған топырактарда өсімдіктер үшін қолайлы жағдай туғызды, сәйкесінше өсімдіктердің массасын, 13,5 т/га немесе 66,7%-ға арттыруды.</p> <p>Ғылыми нәтижелері жоғары рейтингті ғылыми басылымдарда жарияланған.</p>
10.	Жазу және рәсімделу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жазылуымен рәсімделуі талапқа сәйкес, жоғары сапасымен сипатталады. Кейбір грамматикалық және стилистикалық кателер оңай өзгертіледі, диссертацияның ғылыми сапасына әсер етпейді.</p> <p>Академиялық жазу сапасы жоғары, өзектілігі, қойылған мақсат және міндеттердің толығымен орындалуы талаптарға толығымен сай.</p> <p>М.Н. Пошановтың «Жүгерінің өнімділігіне биопрепараттарды қолдану мен топырактардың тұздану деңгейлерінің әсері (Шәуілдір суармалы алқабы мысалында)» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы PhD диссертацияларға қойылатын «Ғылыми дәрежені беру ережелері» талаптарына сәйкес келеді.</p>

**Шешім:** 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша Пошанов Максат Нурбаевич философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты.

**Ресми рецензент:**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ  
аудыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

